

## "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" Аққайың ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 маусымдағы № 14-5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының мәслихатының 2016 жылғы 18 мамырдағы N 3-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 17 маусымда N 3778 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 19-12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданы мәслихатының 12.04.2018 № 19-12 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендей әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Заңының 1 бабы 1 тармағына сәйкес, Аққайың ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" Аққайың ауданы мәслихатының 2009 жылғы 22 маусымдағы № 14-5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 16 шілдеде № 13-2-103 тіркелген, 2009 жылғы 30 шілдеде "Аққайың" газетінде, 2009 жылғы 30 шілдеде "Колос" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін: көрсетілген шешімнің кіріспесі келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 386-бабының 5-тармағына, 387-бабының 1-тармағына, 444-бабының 1-тармағына сәйкес Аққайың ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**";

2. Осы шешім оны алғаш ресми жариялаған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қатысты таратылады.

*VI шакырылған III сессия  
төрағасы*

*Аққайың ауданы  
мәслихатының хатшысы  
"КЕЛІСІЛДІ"  
"Қазақстан Республикасы  
каржы Министрлігінің*

*C. Семенюк*

*C. Мұқанов*

*мемлекеттік кірістер комитеті  
Солтүстік Қазақстан облысы  
бойынша мемлекеттік кірістер  
Департаментінің  
Акқайың ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер  
басқармасы" республикалық  
мемлекеттік мекемесі  
басшысы  
2016 жылғы 18 мамыр*

*M. Ағажанов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК